КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

5 ақпан 2025 жыл іс № 7527-25-00-2/103 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.К. Далабаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Алматы қаласы Мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер "ЕЛЬГЕЛДИЕВ Ш."

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ

Қазақстан Республикасының Азаматты Процестік Кодексінің 267-4 бабын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Алматы қаласы Мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемес жауапкер жеке кәсіпкер "ЕЛЬГЕЛДИЕВ Ш." мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "ЕЛЬГЕЛДИЕВ Ш." мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер кәсіпкер "ЕЛЬГЕЛДИЕВ Ш." мемлекет кірісіне 1 700,58 (бір мың жеті жүз) теңге 58 тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыбы сомасы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер "ЕЛЬГЕЛДИЕВ Ш." мемлекеттік баж 1898 (бір мың сегіз жүз тоқсан сегіз) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Далабаева Т.К.

Құжатқа қол қойылған: Далабаева Т. К., 05.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 06.03.2025, судья Далабаева Т. К., 01.04.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

7527-24-3-1/21190